Мердігерлер қаражаты есебінен оқу төлеміне іріктеу бойынша байқауға қатысуға өтінімдер беру үшін нұсқаулық

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Өтінімді компьютер немесе ноутбук арқылы ғана толтыру қажет.**

**Өтінімді кәмелет жасына толған (18 жас) кандидаттар толтырады.**

**Егер Кандидаттың жасы 18-ге толмаған болса, өтінімді оны заңды өкілі (ата-анасы, қамқоршысы) толтырады.**

**«*» жұлдызшамен белгіленген жолдарды толтыру міндетті!**

Жер қойнауын пайдаланушы бөлетін қаражат есебінен оқу төлеміне іріктеу байқауына қатысуға өтінімді беру үшін Кандидат/Заңды өкіл **http://grant.kazenergy.com/** сайтына өтуі қажет.




Тіркеу нысанын толтырмас бұрын хабарламамен мұқият танысу қажет. Танысып болған соң белгіні басып, жалғастыруды басамыз.

Сіздің алдыныізда қазақ немесе орыс тілдерінде өтінімді толтыру таңдауы көрсетілген тіркеу нысаны ашылады.

Бұдан әрі Кандидат/заңды өкіл «Мен 18 жастамын» немесе «Жасым 18 жасқа толмаған» жолдардың бірін таңдауы қажет. Егер кандидат кәмелет жасқа толмаған болмаса (18 жас), онда өтінімді Кандидаттың Заңды тұлғасы толтыруы қажет.

«ТАӘ» және «ЖСН» жолдарында Заңды тұлғаның (ата-ананың, қамқоршының) деректерін толтыру қажет.

«Файлды таңдау» жолында Заңды өкілдің (ата-ананың, қамқоршының) растау құжатын тіркеу қажет, ол да Кандидаттың (баланың) туу туралы куәлігін (егер 18 жасқа толмаған болса) тіркеу қажет.




**Одан әрі Кандидат/Заңды өкіл мына жолдарды толтырады:**

**Кандидаттың ТАӘ* :**

ТАӘ жолын толтыру қажет (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігіне сәйкес толық тегін, атын, әкесінің атын көрсету қажет).

**ЖСН***

12 санды ЖСН жолды толтыру қажет. Кандидаттың жеке куәлігінің сканын екі жақтан тіркеу қажет. Растау құжаттары болмаған жағдайда Сіз қалған жолдарды толтыруға өте алмайсыз.

**Құжаттың нөмірін енгізіңіз. Құжат берілген күнін енгізіңіз***

Жол деректерін жеке куәлігіңізге сәйкес толтырыңыз.



**Туған күні***

Осы жолды «/» арқылы қолмен толтыруға болады немесе жылы/айы/күні тәртібінде шыққан терезеден таңдауға болады:




**Университет немесе колледж атауы. Мамандығы***

Ашылған терезеден университетіңіздің немесе колледждің атауын, мамандықты суретте көрсетілгендей таңдаңыз.






Егер оқу орны немесе мамандығыңыз тізімде болмаса, онда «Менің оқу орным тізімде жоқ» немесе «Менің мамандығым тізімде жоқ» жолын басыңыз және «Оқу орнынан анықтамада» көрсетілгендей өз қолымен оқу орынды немесе мамандықты енгізіңіз.

**Менің мамандығымның коды***

«Оқу орыннан анықтамада» көрсетілгендей төмендегі мысалға сәйкес жолды толтырыңыз.




**Білім деңгейі***

Білім деңгейін ашылған терезеден таңдап көрсету қажет.




**Курс.Жалпы оқу мерзімі (неше жыл)***

Сіз жоспарлап жатқан оқу курсы шеңберінде ашылған терезеден оқу курсын таңдаңыз, ал содан соң жалпы қанша оқу жыл екенін көрсету қажет.







**Оқу орыннан анықтаманы жүктеуіңізді сұраймыз***

Аталған анықтама оқу орында/деканатта беріледі. Қол қойылған анықтамада курс, мамандығы және оқу нысаны көрсетілуі тиіс (оқу орынның ресми бланкісінде немесе мөрмен бекітілген).




**Оқу тілі***

Ашылған тізімнен оқу тілін таңдаңыз.




**GPA/ЕНТ/КТ/балл***

ҰБТ/КТ – бакалавриаттың 1-курсына түскен кандидаттар таңдайды. Толық цифрларды көрсету қажет. Мысалы: 80; 93; 115 және т.б.

GPA – оқуды жалғастырған кандидаттар таңдайды. GPA ондық сандар түрінде көрсету қажет. Мысалы: 3,1; 3,34; 3,6.

Балл – білімнің бір деңгейін аяқтаған кандидаттар таңдайды (ТжКБ, бакалавриат,

магистратура).
Одан әрі баллды растайтын құжатты жүктеу қажет.




**Оқу құны***

Бұл анықтама деканатта/оқу бөлімінде беріледі. Анықтамада **заңды тұлғалардың ақы төлеуі** үшін 2023-2024 оқу жылының құны, оқу курсы мен нысаны қол қойылған (оқу орнының ресми бланкісінде немесе мөрмен расталған) болуы тиіс.




**Әлеуметтік мәртебесі**

Кандидат көп балалы, толық емес, аз қамтылған, жетім бала (жетім балалар), мүгедектігі бар тұлға санаттарының біріне жататын болса, аталған жол таңдалады. Мәртебені растау үшін Кандидат растаушы құжатты тіркеу қажет. Растаушы құжатсыз өтінім тіркелмейді.



Әлеуметтік мәртебесі: Көп балалы отбасы

⚠ Көп балалы ата-ананың мәртебесін растайтын куәлікті және барлық балалардың туу туралы куәліктерін жүктеуіңізді сұраймыз.

Қосымша әлеуметтік мәртебе: Кәмелетке толмаған 4 бала және одан да көп бала, оның ішінде колледждер м

Төмендегі құжаттарды жүйтеңіз: мәртебеңізді растайтын құжат *

Төмендегі құжаттарды жүйтеңіз: мәртебеңізді растайтын құжат

Қолданылатын файл түрлері: PDF, JPG, PNG

Файлды таңдаңыз

**Бұдан бұрын қаржыландырылған***

Аталған жолды толтыру кезінде жақшада 2022-2023 оқу жылы көрсетілгеніне назар аударыңыз. Егер Кандидат Мердігерлер бөлетін қаражат есебінен бұдан бұрын қаржыландырылған болса, онда «Иә» деген жолды таңдау қажет.



Бұрын осы жобаның қаражаты есебінен қаржыландырылған (2022-2023 оқу жылы)*: Бұрын осы жобаның қаражаты есебінен қаржыландырылған

Егер Кандидат Мердігерлер бөлетін қаражат есебінен бұдан бұрын қаржыландырылмаған болса, онда «Жоқ» деген жолды таңдау қажет.

**Email және телефон***

Қолданыстағы email және +77012345678 форматында телефон нөміріңізді көрсетіңіз.



Email*

Телефон*: +71234567890

**Тіркеу мекенжайы және тұрғылықты мекенжайы***




**Жынысы***

Кандидат жынысын көрсету қажет.




Жолдарды толтырудың дұрыстығын тексеру қажет, жеке деректерін жинауға және өңдеуге келісімді міндетті түрде беру қажет.

**Заңды тұлға өтінімді толтыру кезінде жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісімді растау қажет.**




**Кандидат өтінімді толтырған кезде жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісімді растау қажет.**




**Өтінішпен және жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісіммен мұқият танысып шығыңыз, сондай-ақ Байқауға қатысу және ұсынылатын ақпаратқа жауапкершілік туралы шарттарына келісіміңізді растаңыз.**




Жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісім мен өтінішті толтырғаннан кейін **«Жіберу»** батырмасын басыңыз. **Сіздің өтінішіңіз Модераторға жіберілетін болады.**